

**Қазақ тілі оқытушысының 2022 - 2023 оку жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру үйімі : ЖШС "Зейінді бала" балабақшасы

Топ: «**Балапан**» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2022-2023 оку жылы.

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Мамыр	Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"><li>- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;</li><li>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;</li><li>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту.</li></ul> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың жағдай жасау: бір-бірімен құнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әнгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарастыруға, өзінің алған әсері мен қалаудың білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атап баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алушы, естуді дамыту. Қөрнекілікпен немесе қөрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуда баулу.</p> <p>Қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтуды үйрету.</p>

**Сөздік қор.**

Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпактар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.

**Тілдің грамматикалық құрылымы.**

Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету.

**Байланыстырып сөйлеу.**

Коршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беруді үйретеді.